

«БЕКІТЕМІН»

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ
КеАҚ басқарма тарапынан ректор

А.М.Төлеуғалиев






« 08 »

2021 ж.



БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ
ЖАСТАР БАСТАМАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ
СМЖ.07.БЕ.05

№04 басылым
№ ___ дана

Дайындаушы: 05.10.2021ж. А.Е.Өкшебаев 	Келісілді: 07.10.2021ж. Сұлтанов А.Ұ.  Тасқалиев Е.К.  Алмагамбетова М.Ж.  Ихсанов Е.Б. 	Енгізілді: 08.10.2021ж. СМЖ.07.БЕ.05 05.10.2018 ж. Қайта қаралуы: 08.10.2021ж.
--	---	---

Мазмұны:

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
7. Жауапкершілігі
8. Сілтемелер

СМЖ.07.БЕ..05 ЖАСТАР БАСТАМАСЫН ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Өзгеріс:04 5-5 беттен

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Жалпы ережелер

СМЖ.07.БЕ..05 ЖАСТАР БАСТАМАСЫН ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Өзгеріс:04 2-5 беттен

1.1. «Білім туралы» ҚР заңына сәйкес Жастар бастамасын дамыту орталығы мемлекеттік жастар саясатын жүргізе отырып, студенттердің оқу-тәрбие шығармашылық және қоғамдық жұмыстарымен айналысады.

Орталық алдына қойған негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасы мемлекетінің жастар саясатын жүзеге асыру, университетте білім алып жатқан студент-жастардың жанжақты дамуына әлеуметтік-экономикалық және басқалай жағдайлар жасауға, олардың рухани дүниесінің, ой-өрісінің және күш-жігерінің артуына, әлеуметтік статусының, саяси және құқықтық мәдениетінің жоғарылауын дамыту. Жастар бастамасын дамыту орталығының директоры университет басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

2. Құрылымы мен штаты

2.1. Орталықтың құрылымы және штаты басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен бекітіледі

2.2. Штаттық құрылымы:

- Жастар бастамасын дамыту орталығының директоры – 1 бірлік.
- Жастар бастамасын дамыту орталығы директорының орынбасары - 2 бірлік
- Мәдениет және өнер студиясының жетекшісі – 1 бірлік
- Жастар бастамасын дамыту орталығының жетекші маманы – 1 бірлік
- Жастар бастамасын дамыту орталығының маманы – 1 бірлік

3. Мақсаттары мен негізгі міндеттері

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын студенттер арасында белсенді жүргізу.

Жастар бастамасын дамыту орталығының міндеттері:

- жастардың әлеуметтік құқығын қорғау;
- студент-жастардың арасында достық, бауырластық және халықтар бірлігі идеяларын насихаттау;
- жастар бастамасын дамыту орталығының кез келген қызметкері тәрбие жұмысына байланысты құжаттарға өзгерістер енгізу жөнінде бастама көтере алады;
- студент-жастардың университет қабырғасында жүріп-тұру, өзін-өзі ұстау мәдениетін дамыту;
- студент-жастарды Қазақстандық қоғамды демократияландыру үрдісін тереңдетуге, қоғамдық-саяси тұрақтылық пен келісімді сақтауға жұмылдыру;
- Жастар қоғамдық бірлестігінің, студенттік өзін-өзі басқару ұйымының, жастар ісі жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру және қадағалау;
- талантты жастарға және жастар бастамаларына қолдау көрсету;
- жастар арасында патриоттық сезімді, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне, тіліне, салт-дәстүрлеріне және мәдени мұраларына деген құрметті қалыптастыру;
- студент-жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- жастар мәселелеріне арналған конференциялар, «дөңгелек үстелдер», симпозиумдар және дәрістер өткізу;
- спорттық және туристік шаралар өткізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы жарғының ережелеріне қайшы келмейтін басқа да міндеттемелерді жүзеге асыру.

4. Қызметтері

4.1. Жастар бастамасын дамыту орталығының жоғарғы органы Жастар кеңесі болып табылады. Кеңестің құрамына орталықтың директоры, Жастар қоғамдық бірлестіктері, студенттік декандар, жатақханалардың студенттік кеңес төрағалары (төрайымдары) енеді. Кеңестің құрамы бөлім мүшелерінің ұсынысымен анықталады.

4.2. Кеңес:

- Жастар бастамасын дамыту орталығы қызметіне қатысты осы концепциядағы баптарға өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады. Ол кеңес мүшелерінің көпшілік дауыс беруімен анықталады;
- Кеңестің немесе орталықтың кез-келген мүшесі тәрбие жұмысына байланысты құжаттарға өзгерістер енгізу жөнінде бастама көтере алады.
- Орталық кеңесінің мәжілісі айына бір рет шақырылады. Орталық төрағасының ұсынысымен немесе кеңес мүшелерінің үштен бір бөлігінің талап етуімен кезектен тыс мәжіліс шақырылуы мүмкін.

4.3. Орталықтың директоры

- Орталық директоры бөлімнің барлық жұмысына тікелей басшылық жасайды. Бекітілген жоспардың жүзеге асырылуына бақылау жасап, студенттердің әр түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етеді.
- Студент-жастардың, орталық пен кеңестің мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы кәсіпорындар мен мекемелердегі мүдделерін қорғайды.
- Орталық атынан, жастар бастамасына қатысты түрлі мәселелерді шешуге ұсыныс бере алады.
- Жастар бастамасының қызметіне байланысты басқарма төрағасы-ректор алдында есеп береді.
- Орталықтың құрамын құрып, оның қызметіне басшылық жасайды.

5. Құқықтары

5.1. ЖБДО өкілеттілігін орталық директоры жүзеге асырады, бұл оның қызмет нұсқаулығында анықталған.

5.2. ЖБДО:

5.2.1. Барлық бөлімдерден жұмысқа қажетті ақпараттар мен құжаттарды сұрауға және алуға;

5.2.2. Университет басқармасының, Ғылыми кеңесінің отырысына қызмет көрсетуді, студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстарды қарастыру

үшін ұсынуға;

5.2.3. Сапалы жұмыстары үшін қызметкерлерді мадақтау шараларын ұсынуға құқылы.

6. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы

ЖБДО университеттің барлық бөлімдерімен білім беру, тәрбие саласының жетекші, негізгі және қосымша процесстердің жұмыс істеуі мен оны жақсарту мәселелері бойынша өзара байланыста әрекет етеді.

7. Жауапкершілігі

ЖБДО қызметкерлері:

- Лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген өз қызмет міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін - ҚР-ң іс жүзіндегі еңбек заңнамаларымен анықталған заң шегінде;
- Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін - ҚР іс жүзіндегі әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларында анықталған заң шегінде;
- Материалдық зиян келтіргені үшін - ҚР-ң еңбек, қылмыстық және азаматтық заңнамаларында анықталған заң шегінде жауап береді.

8. Сілтемелер

1. ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;
2. ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319;
3. ҚР «Ғылым туралы» заңы 18 ақпан 2011 ж. № 407-IV;
4. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (2022.24.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)
5. ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11 шілде 1997 ж. № 151.;
6. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410-V;
7. ҚР-дағы білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
8. ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері;
9. «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;
10. Университеттің ішкі тәртіп ережесі СМЖ.05.ҚЕ.05;
11. ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар;
Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.